

Пандемия жағдайындағы саяси принциптер Жолдаудың негізгі арқауы

2020 жылдың 1-қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа Жолдауын жариялады. Жолдауда өте маңызды мәселелер көтерілді. Мемлекет басшысы, экономика, әлеуметтік, саяси салаларға қатысты алдағы басымдықтарды айқындап берді. Президентіміз экономикалық өсімді қалпына келтіру, халықтың әл-ауқатын арттыру, құқық қорғау жүйесін әрі қарай жаңғырту, саяси реформаларды жалғастыру мәселелеріне жан-жақты тоқталып Парламент пен Үкіметтің алдына нақты міндеттер қойды.

Атап айтқанда, билік пен қоғам алдына өзара байланысты үш міндетті нақты айқындап берді.

Оның біріншісі – азаматтардың осал санаттарына көмек көрсету және әлеуметтік төлемдерді қолжетімді ете түсу, соның ішінде атаулы әлеуметтік көмек, әділ салық салу бағыты, тұрғын үй, медициналық және білім беру қызметтерінің қолжетімділігі, адам құқықтарын қорғау».

Екінші міндет – мемлекеттік қызметшілердің штатын қысқартуға бағытталған мемлекеттік аппаратты жаңарту. Мұнда Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігін, Төтенше жағдайлар министрлігін қалпына келтіру, мемлекеттік қызмет көрсетудің және ұлттық компаниялар қызметінің ашықтығын арттыру, жергілікті билік органдарының рөлі мен азаматтардың елдегі саяси өмірге қатысуын арттыру ұсынылған.

Үшінші міндет – кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, ішкі жалпы өнімнің құрамындағы қосымша тауарлар үлесін арттыру, шетелдік инвестицияларды тарту, дамудың бюрократиялық, сыбайластық және басқа кедергілерін жеңу, көлеңкелі экономикаға қарсы тұру арқылы экономиканы қайта қалпына келтіру. Ұлттық әл-ауқаттың тұрақтылығын арттырудың негізгі бағыттарының бірі ретінде Президент әлемдік нарықта қазақстандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігі мен Қазақстан Республикасы экспорттық әлеуетін аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып арттыру қажеттігін атап көрсетті. Бұл ретте орта бизнеске ерекше назар аударылды.

Бір қарағанда басқа Жолдаулардан айырмашылығы жоқ сияқты көрінгенімен, менің ойымша Жолдауда саясатпен тығыз байланысты қуатты бастамалар айтылды. Қарапайым адамдар Президент абсолютті билікке ие

деп ойлайды және ол саяси жаңғырту тұрғысында кез келген нәрсені жасай алады деп есептейді. Бірақ, оның заңды тетіктеріне көңіл бөле бермейді. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев реформаны алдымен жоғары билік аппаратынан бастауды көрсетті. Президенттің 2021 жылдың соңына дейін мемлекеттік аппаратты 25% қысқарту тапсырмасын да атап өту керек. Жолдаудағы қойылған нақты тапсырмалар үлкен күш-жігерді талап етеді. Қазір шенеуніктердің бұл қадамға іштей наразы екенін аңғармау мүмкін емес. Бірақ, олардың барлығына мемлекеттік аппараттың шынымен ұлғайтылғанын дәл елді мысалдармен көздерін жеткізді. Мемлекет басшысының қатаң нұсқау бергеніне қарамастан, бұған қатты қарсылық болары анық.

Мысалы, Оның Президент жанындағы реформалар жөніндегі Жоғары Кеңес пен Президентке тікелей бағынатын Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік құру туралы шешімін алайық. Президент Үкіметтің – билік органы екенін және азаматтық сектормен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуі керектігін нақты көрсетті. Мәселен, тұрақты түрде ротация өтетін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі немесе Президент жанындағы талдау және мониторинг орталығы Президент жанындағы Жоғары кеңестің негізі бола алады деп ойлаймын.

Сонымен қатар, Президенттің ауыл әкімдерін сайлау туралы ұсынысына сөзден іске көшудің нақты мысалы деп білемін. Ауыл әкімдерін сайлануы керек деп 15 жыл бұрын айтылған болатын. Бастамалар жасалды, бірақ орта жолда қалып аяқталмады. Бұрынғыдай билік елді мекендер әкімдерін сайлауға сенбейді және қаламайды да. Әсіресе халық тығыз орналасқан 84 қала мен моноқалаларды айту керек. Сондықтан ол жерлерде көптеген түсіндіру жұмыстары жасалуы керек. Мемлекет басшысының сайлауды ұйғарғаны жақсы болды. Бұл сайлау одан кейін де кең таралады деп үміттенемін. Ол үшін қоғам әлде қашан пісіп жетілді.

Дегенмен де, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бүгінгі айтқандары жаңа идея емес. Оны ол өзі де Президент Н. Ә. Назарбаевтың стратегиялық бағытын жалғастырудың жеке және мемлекеттік басымдығы екенін бірнеше рет атап көрсетті. Сондықтан, көптеген нәрсе 2015 жылы белгіленген бес институционалдық реформаға негізделген. Биылғы Жолдаудың басты айырмашылығы құқықтық мемлекетке, заң үстемдігіне көп көңіл бөлінді және «Халық үніне құлақасатын мемлекетке» барар жолдың негізгі платформасы айқындалды.

Ал енді, Қ.К. Тоқаевтың билігінің екінші жылына аяқ басудағы саяси әлеуеттің біртіндеп өзгергенін, біршама алға жылжығанын байқауға болады. Себебі өткен аптада мемлекетіміздің саясатының негізін айқындайтын бас ақпараттық құралы «Егемен Қазақстан» газетінде белгілі ғалым, беделді саясаткер Әділ Ахметовтың «Таразыға түскен теңсіздіктің түп-тамыры» атты емеурінді мақаласы жарық көрді. Онда әлемдік қоғамдастық пен жаһандық нарық экономикасының белсенді мүшелерінің бірі әрі мәңгілік ел болуды көксейтін өз мемлекетіміздің – Қазақстанның тұрақты дамуы үшін де ауадай қажет инновациялық идеялар топтастырылған материал жарық көрді. Ол Қазақстан қоғамына ой салып, зиялы қауым үшін белгілі бір қорытынды жасауға ықпал ететін лайықты мақала.

Ол Нобель сыйлығымен марапатталған америкалық ғұлама ғалым Джозеф Юджин Стиглицтің «Теңсіздіктің құны» («The Price of Inequality»), «Алапат сызат» («The Great Divide») атты ғылыми-сараптамалық туындыларын талдаған аналитикалық туынды еді.

«Алапат сызат» ғылыми-сараптамалық туынды 2015 жылы алдымен АҚШ-та одан соң, іле-шала халықаралық «Penguin» баспалар жүйесі арқылы Ұлыбритания, Канада, Ирландия, Аустралия, Жаңа Зеландия және Оңтүстік Африка мемлекеттерінде қатар жарық көріп, күллі әлемнің назарына бірден іліккен болатын. Бұл еңбек оның 2012 жылы жарық көрген «Теңсіздіктің құны» - атты ғажап туындысының жалғасы деуге болады.

Онда АҚШ соңғы 30 жылдағы жетістігімен қатар, үлкен кемшіліктерді саралап талдау жасаған. 1981-2009-жылдар аралығында мемлекет билігін уысында ұстаған және сол жылдары АҚШ-тың қаржы секторына ат төбеліндей «алтын миллиардтың», яғни «бір проценттің» ғана мүддесін қорғайтын сынар жақ реформаларды енгізіп, оларды белсенді жүзеге асырған АҚШ президенттері Рональд Рейган, Джордж Г.У.Буш, Билл Клинтон және кіші Джордж У.Буш әкімшіліктерін жатқызып талдайды. Негізгі зерттеу объектілері – АҚШ халқының 1 пайызын құрайтын «алтын миллиард» деп аталатын ат төбеліндей бай-бақуаттылар тобы мен сол мемлекет халқының басым көпшілігін, яғни қалған 99 пайызын құрайтын екінші топтың арасын қақ жарып тұрған алапат сызаттың бүгінгі таңда үңірейе кеңейіп, тұңғиық құзға айнала бастағанын, сондай-ақ әлгі құздың, емі жоқ індет секілді, қоғам ағзасы мен санасын күн санап кеулеп бара жатқанын да сан тұрғыдан зерделеп, нағыз ащы шындықты ешбір бүкпесіз әрі ешбір жан жоққа шығара алмайтындәй екті де дәлелді уәждермен түйіндейді.

Автор өз еліндегі 1% бен 99%-тың арасындағы күннен-күнге ұлғайып бара жатқан әлеуметтік теңсіздік сызатының, ең алдымен, соңғылардың мүмкіндіктерінің шектелуіне себеп болып отырғанын да, сонымен қатар бұл дерттің мемлекеттің ең басты құндылығы болып табылатын халықтың басым көпшілігінің құқын бұзып қана қоймай, олардың өз әлеуеттерін толық пайдалану мүмкіндігінен де қоса айырып отырғанын бүкпесіз ашып береді.

Қ.К. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» - атты Жолдауы қоғамдағы орын алып отырған теңсіздікті таразылап, оның нақты диагнозын қойып, емдеу алгоритімінің алғышарттарын анықтап отыр. Демократияның басты жауы білімсіздік пен популизм «хайпократия»-деп атап көрсетіп, квазимемлекеттік секторды күшейту арқылы халық пен билік арасында сенімді диалог орнатып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» іргетасын нық қалағандай әсер қалдырды.

Бүгінде қазақстандық қоғамды білімді және сауатты, оның ішінде саяси тұрғыдан да сауатты деп санау керек. Жолдауда айтылған тапсырмаларды заңнамалық тұрғыдан уақытылы әрі сапалы қамтамасыз ету біздің әсіресе зиялы қауымның негізгі міндеті. Осы бағытта бәріміз нәтижелі жұмыс істеуіміз керек.